


Математика

$9 - 6 = 3$




Оқулық



$3 + 2 - 1 = 4$

$2 + 8 = 10$



$7 + 5 = 12$



$= 8$



97m

$3 + 6 = 9$



1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

NIS
 Назарбаев
 Зияткерлік
 мектептері

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 74.3

М 29

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша**

**Г. Ш. Жакупова, Н. В. Орехова, Н. В. Лебедева, С. И. Уакбаева,
А. О. Мадхалыкова, Н. З. Иманбаева.**

Редакторы Г. Н. Базарбаева

М 29 Математика. 1-сынып. Оқулық. Көру қабілеті бұзылған (нашар көретін) балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін мектептердің (сыныптардың) 1-сыныбына арналған оқулық. 3-бөлім.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. – Алматы: 2018 ж., 118 б.

ISBN 978-601-249-313-9

ISBN 978-601-249-315-3 (3 б.)

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 74.3

ISBN 978-601-249-315-3 (3 б.)

ISBN 978-601-249-313-9

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016

Мазмұны

1	Сандарға амалдар қолдану	
	Екі амалды өрнектер.....	9
	Жақшасы бар өрнектегі амалдар реті.....	13
	Өзара кері амалдар.....	16
2	Шамалар. Уақытты бағдарлау	
	Оқиғаларды өту кезеңіне қарай орналастыру.....	20
	Шамалар.....	20
	Уақытты бағдарлау.....	20
	Минут.....	28
	Сағат.....	32
	Уақытты анықтау.....	36
	Апта күндері.....	40
	Ай.....	44
	Ұзындық. Масса. Көлем.....	47
3	Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	
	Теңдік және теңсіздік.....	50
	Тура және тура емес теңдіктер.....	54
	Белгісізі бар теңдік.....	58
	Бөліктер және бүтін.....	62
	Әріпті өрнек.....	66
	Әріпті өрнектегі әріптің мәні.....	68
	Санды өрнектерді салыстыру.....	71
	Әріпті өрнектерді салыстыру.....	74

Теңдеу	78
Белгісіз қосылғышы бар теңдеуді шешу	81
Белгісіз азайтқышы бар теңдеу	84
Белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шешу	87
Белгісіз азайғышы бар теңдеу	90
Белгісіз азайғышы бар теңдеуді шешу	93
Теңдеуді шешу	96
Есеп дегеніміз не?	99
Есептің графикалық моделі	102
Қосу амалына берілген есептер	105
Азайту амалына берілген есептер	108
Кері есеп	111
Кері есепті құрастыру және шығару	114

1

Сандарға амалдар қолдану

20-ға дейінгі сандарды салыстыру

Сен

- 20-ға дейінгі бір таңбалы және екі таңбалы сандарды салыстыруды үйренесің.



Сапарға шығамыз.

Суретке қара. Кімдердің көп екенін анықта: ұлдар ма, әлде қыздар ма? Кімдер аз? Нешеге аз?

Салыстыру белгілерінің көмегімен жауапты жаз.

Суреттегі тағы қандай заттардың саны бойынша салыстыруға болады?

Сөз құрастыр.

Мысалдарды шеш. Жауаптарын кему ретімен орналастыр. Жауаптарға сәйкес келетін әріптерден сөз құрастыр.

Сенде қандай сөз шықты?

$$20 - 8 = \boxed{\text{Л}}$$

$$10 + 3 = \boxed{\text{А}}$$

$$19 - 3 = \boxed{\text{Қ}}$$

$$17 - 7 = \boxed{\text{А}}$$

$$14 + 4 = \boxed{\text{А}}$$

$$12 + 5 = \boxed{\text{Қ}}$$


Шығарып көр

Барлық аққалаға бас киім жете ме?

Салыстыру белгісінің көмегімен жазба құр.

Баскиімнің саны мен аққаланың саны теңесу үшін не істеу керек деп ойлайсың?





Попробуй

Сандардың арасына қандай белгілер қоюға болады?
Сандық сәуленің көмегімен бір сан екіншісінен қаншаға артық немесе кем екенін анықта. Сен қалай ойлайсың? Қандай жазба артық?

5 ? 15

12 ? 16

10 ? 10

19 ? 18

7 ? 17

13 ? 14

10 ? 20

16 ? 15

10 ? 9

18 ? 17

Екі амалды өрнектер

Сен

- жақшасыз берілген екі амалды өрнектің мәнін табуды үйренесің.

Тірек сөздер

амалдар реті

Жақшасыз қосу мен азайтуға берілген өрнектің мәнін табу үшін **амалдың ретін** сақтап, солдан оңға қарай тізбектеп орындау қажет.

$$\overset{\textcircled{1}}{4} + \overset{\textcircled{2}}{7} + 8 = 19$$

$$1) 4 + 7 = 11$$

$$2) 11 + 8 = 19$$

$$20 - \overset{\textcircled{1}}{15} + \overset{\textcircled{2}}{2} = 7$$

$$1) 20 - 15 = 5$$

$$2) 5 + 2 = 7$$

Автобус жолаушылары

Автобұсқа алдымен 3 жолаушы, содан кейін тағы 4 жолаушы кірді.

Егер алғашында жолаушылар саны 9 болса, қазір автобұста неше жолаушы болды? Екі амалды өрнек құрастырып, оның мәнін тап.



Сиқырлы қар қиыршығы

$$20 - \text{snowflake} - 3 = ?$$



Ойынды ойнап көр.

Нүктелері бар текшені ал. Текшені лақтырғанда жоғары жағына түскен нүктелер санын мысалдағы қарқиыршығының орнына қой.

Алынған өрнектің мәнін тап. Сен неше мысал құрастырдың?

Шығарып көр

Мысалдарды шеш. Жауаптарын өсу ретімен орналастыр. Жауаптарына сәйкес келетін әріптермен сөз құрастыр.

Қандай сөз шықты?

$$10 + 0 + 6 = \boxed{?} \boxed{Т}$$

$$20 - 1 - 10 = \boxed{?} \boxed{Қ}$$

$$100 - 80 - 1 = \boxed{?} \boxed{А}$$

$$19 - 8 + 0 = \boxed{?} \boxed{А}$$

$$40 - 30 + 3 = \boxed{?} \boxed{Ң}$$

$$40 + 0 - 20 = \boxed{?} \boxed{Р}$$



Орындап көр

Зерттеу жүргіз. Оны мына ретпен орында:

1. $40 + 30 + 10$ мысалын амалдардың орындалу ретін сақтап шығар.

Сенде қандай жауап шықты? Содан кейін осы мысалды амалдардың орындалу ретін сақтамай орындап көр. Енді қандай жауап шықты? Жауаптар ерекшелене ме? Неліктен?

2. $40 - 30 + 10$ мысалын амалдардың орындалу ретін сақтап шығар.

Сенде қандай жауап шықты?

Содан кейін осы мысалды амалдардың орындалу ретін сақтамай орындап көр. Енді қандай жауап шықты? Жауаптар ерекшелене ме? Неліктен?

3. Қорытынды жаса.

Жақшасы бар өрнектегі амалдар реті

Сен

- жақшасы бар өрнектердің мәнін табуды үйренесің.

Жақшасы бар өрнекте алдымен жақша ішіндегі амалдар орындалады.

Содан соң жақша сыртындағы амалдар орындалады.

$$15 - (1 + 4) = 10$$

- 1) $1 + 4 = 5$
- 2) $15 - 5 = 10$

$$(15 - 1) + 4 = 18$$

- 1) $15 - 1 = 14$
- 2) $14 + 4 = 18$



Жақшасы бар санды өрнектерді дұрыс оқып үйрен.

- $10 + (4 + 3)$ өрнегі былай оқылады: 4 пен 3 сандарының қосындысын 10-ға қос.
- $(10 + 4) + 3$ өрнегі былай оқылады: 10 мен 4 сандарының қосындысына 3-ті қос.
- $(10 - 4) + 3$ өрнегі былай оқылады: 10 мен 4 сандарының айырмасына 3-ті қос.
- $10 - (4 + 3)$ өрнегі былай оқылады: 4 пен 3 сандарының қосындысын 10-нан азайт.
- $(10 - 4) - 3$ өрнегі былай оқылады: 10 мен 4 сандарының айырмасынан 3-ті азайт.
- $10 - (4 - 3)$ өрнегі былай оқылады: 10-нан 4 пен 3 сандарының айырмасын азайт.

Шығарып көр

Санды өрнектерді оқы. Олардың мәндерін тап.

$(12 + 8) - 3$ $(30 - 10) - 7$
 $(40 + 20) - 50$ $50 + (20 - 20)$ $20 + (70 - 60)$
 $5 + (8 + 2)$
 $(17 + 3) - 11$ $(9 + 10) - 8$ $80 + (0 + 10)$
 $20 + (40 - 30)$ $9 + (17 - 6)$ $(90 + 10) - 40$

Орындап көр

Мәні 10 болатын санды өрнектер арқылы лабиринтті жүріп өтсең, сен қай хоккейшінің гол соққанын білетін боласың.



A maze of light blue paths with mathematical expressions. The paths lead to four different hockey players at the bottom. The expressions are:

- Row 1: $20 - (6 + 4)$, $(40 + 20) - 50$, $4 + 6 + 0$, $5 + (7 - 3)$
- Row 2: $10 + 0 - 10$, $(70 - 40) - 30$, $70 - (40 - 30)$, $20 - (2 + 8)$, $20 + (40 - 10)$
- Row 3: $20 + (17 - 7)$, $30 - (13 + 7)$, $15 - 5 + 0$, $100 - (20 + 80)$
- Row 4: $18 - 8 + 10$, $19 - (6 + 3)$, $90 + (70 - 60)$

Four hockey players are shown at the bottom, each with a path leading to them:

- Player 1 (Green jersey): $18 - 8 + 10 = 10$
- Player 2 (Blue jersey): $19 - (6 + 3) = 10$
- Player 3 (Red jersey): $90 + (70 - 60) = 10$
- Player 4 (Yellow jersey): $100 - (20 + 80) = 0$

Өзара кері амалдар

Сен

- қосу мен азайту амалдары компоненттерінің арасындағы өзара байланысы туралы білетін боласың;
- қосудың ауыстырымдылық қасиетімен танысасың.

Спорттық құралдар

Суретке қара. Спорттық заттар туралы мысалдар құрастыр. Сен берілген мысалдарға қандай кері мысалдар құрастыра аласың?



- Жоғарғы сәреде неше шлем тұр?
- 6.
- Төменгі сәреде неше шлем тұр?
- 5.
- Барлығы қанша шлем?
- $6 + 5$.
- Мысал жаз.
- $6 + 5 = 11$.
- Кері мысалдар құрастыр.
- $11 - 6 = 5$;
 $11 - 5 = 6$.

Қосу мен азайту – өзара кері амалдар. Қосуды азайтумен тексеруге болады. Азайтуды қосумен тексеруге болады.

Шығарып көр

Суреттердің артында қандай сандар жасырылған?

$$\text{ice skates} + 13 = 20$$

$$20 - \text{ice skates} = 13$$

$$13 + \text{ice skates} = 20$$

$$20 - 13 = \text{ice skates}$$

$$11 + \text{sled} = 19$$

$$19 - \text{sled} = 11$$

$$\text{sled} + 11 = 19$$

$$19 - 11 = \text{sled}$$


$$30 + \text{skis} = 100$$

$$100 - \text{skis} = 30$$

$$\text{skis} + 30 = 100$$

$$100 - 30 = \text{skis}$$

Орындап көр



Сыныптасыңмен текшелер лақтырып ойна.
Ойынның ережесі:


1. Бірінші ойыншы екі текшені лақтырады.

Түскен сандардан мысал құрастырады және оны шығарады.

2. Екінші ойыншы кері амалды қолданып оны тексереді.

Содан кейін ойыншылар рөлдерімен алмасады.

Әрбір ойыншы 2 мысалдан құрастырып шығарады және оны тексереді.



2

Шамалар. Уақытты бағдарлау

Оқиғаларды өту кезеңіне қарай орналастыру

Сен

- уақыт туралы білетін боласың.

Тірек сөздер

уақыт

таң
күн
кеш
түн


бұрынырақ
кейінірек
алдымен
содан кейін

Біз қандай да бір оқиға болған кезде іс-әрекеттің ұзақ немесе тез өтуін көрсету үшін **уақыт** ұғымын қолданамыз.

Оқиғаларды өткен кезеңіне қарай орналастыру үшін міндетті түрде **алдымен, содан кейін, бұрынырақ, кейінірек** не болғанын көрсету керек.

Алма қалай өседі?

Суретке қара. Алдымен не болды, ал одан кейін ше?



Оқиғалардың қай уақытта болғанын көрсете отырып ретімен орналастыруға болады: **таңертең, күндіз, кешке** немесе **түнде**.

Күн тәртібі


Суреттерді ретімен орналастыр. Бала таңертең не істейді?

Ал күндіз ше? Кешке және түнде не істейді?











Сөздерді ретімен қойып көр.

Ересек адам, мектеп жасына дейінгі бала, егде адам, оқушы, нәресте.

Өз таңдауыңды түсіндір.


Орындап көр

Уақыт таспасын жаса.

Онда сен өзіңнің қалай өскеніңді көрсет.
Жеке альбомыңдағы фотосуреттерді,
фломастер мен ватманды қолдан.

Шығарып көр

Қыстап қалатын құстарға жемсалғышты қалай жасауға болады? Өз әрекетіңнің алгоритмін құрастыр. Алдымен не істейсің? Ал содан кейін ше?



Минут

Сен

- 1 минуттың ұзақтығын білетін боласың.

Тірек сөздер


МИНУТ

Минут – бұл аз уақыт аралығы. 1 минуттың ішінде бірнеше қысқа әрекеттер жасауға болады. Мысалы, бірнеше рет шапалақтауға немесе бірнеше қадам жасауға болады.

Зерттеу жүргіз.



Сен 1 минут ішінде қай әрекетті неше рет қайталай аласың:

- өз есіміңді жазу;
- бір орында секіру;
- қағазға нүктелер салу;
- жіпке моншақтар тізу?





Минут (мин.) – уақыттың өлшем бірлігі.
Уақытты минутпен анықтау үшін механикалық,
электрондық сағаттарды және құмсағатты
қолдануға болады.

Суретке қарап неше минут өткенін анықта.



Шығарып көр

Қанша минут өткенін анықта.



Ересек адамның жүрегі
1 минутта шамамен
60–65 рет соғады.



Орындап көр

Өз тамыр қағысыңды өлше.
Сенің жүрегің 1 минутта
неше рет соғады?

► Ойлан

Екі дос тоғызқұмалақ ойынын 20 минут
ойнады. Достардың әрқайсысы неше минут
ойнады?

Сағат

Сен

- 1 сағаттың ұзақтығын білетін боласың.

Тірек сөздер


сағат

Сағат – бұл уақыт аралығы.

1 сағатта 60 минут бар.

Сағаттық тіл бір саннан келесі санға жылжығанша, минуттық тіл толық 1 айналым жасайды.

Минуттық тіл 12-ні көрсеткенде, сағаттық тіл сол мезгілдегі сағатты көрсетеді.



Сағаттар қай уақытты көрсетіп тұр?

а)



ә)



б)



ЕСТЕ САҒТА!

1 сағ = 60 мин.

в)



г)




д)




Орындап көр

Сағаттың моделін құрастыр. Сағат моделіндегі тілдерді модельдің сағат тілдерін жылжыту арқылы мыналарды көрсет:

- Сен бүгін нешеде ояндың?
- Бірінші сабақ нешеде басталды?
- Сүйікті телебағдарламаң сағат нешеде басталады?



1	2	3
5	7	8
10	11	



Шығарып көр

Маржан үй тапсырмасын 1 сағатта орындады.
Ал Айжан үй тапсырмасына 10 минут кем жұмсады.
Қыздардың әрқайсысы үй тапсырмасын
неше минутта орындады?
Сен қалай білдің?

Ойлан

Жарты сағатта неше минут бар?



Сен білесің бе?

Астанада Жеңіс саябағында күн сағаты орнатылған.
Ол бұлтсыз күндері дәл уақытты көрсетеді.



Уақытты анықтау

Сен


- сағаттың көмегімен уақытты анықтауды үйренесің.

Сағат (сағ) – уақыттың өлшем бірлігі.

Сағат – уақытты көрсететін құрал.

Кино

Достар киноға барды. Фильм сағат 4-те басталды да, 1 сағатқа созылды. Достар кинозалдан сағат нешеде шықты?



Ойын қашан басталды?

Балалар аулада 2 сағат ойнады.

Олар сағат 12-де ойынды аяқтап, үйлеріне қайтты.

Балалар ойынды сағат нешеде бастады?



Мектептегі сабақтар

Мектептегі сабақ сағат 8-де басталып, сағат 12-де аяқталады. Бірінші сынып оқушылары мектепте бір күнде неше сағат оқиды?

Шығарып көр

Мирасқа ауылдан қалаға бару қажет.

Егер ол автобуспен баратын болса, жолға 2 сағат уақыт кетеді.

Ал жеңіл мәшинемен 60 минутта жетеді.

Мирас қалаға қай көлікпен тезірек жетеді? Неліктен?

Орындап көр

Сағаттың моделін ал.


Сағаттың минуттық тілін 12-ге қой.

Дөңгелек сағаттың тілдері сағатты екі бірдей жарты шеңберге бөлу үшін сағат моделіндегі тілдерді қалай жылжыту керектігін анықта.

Сонда сағат қай уақытты көрсетеді?


Үй тапсырмасы

Суретке қара және сұраққа жауап бер. Диана үй тапсырмасын күндізгі сағат 3-тен бастап орындап, 1 сағат дайындалды. Диана үй тапсырмасын сағат нешеде орындап бітірді?



Ойлан

Кестедегі сұрақ белгісінің орнында қандай сурет болуы мүмкін?



Апта күндері

Сен

- аптада неше күн бар екенін, олардың қалай аталатынын және орналасу ретін білетін боласың.


Тірек сөздер

апта	бейсенбі
дүйсенбі	жұма
сейсенбі	сенбі
сәрсенбі	жексенбі

Апта – 7 күннен тұратын уақыт аралығы.

Апта күндерінің реті:


дүйсенбі
сейсенбі
сәрсенбі
бейсенбі
жұма
сенбі
жексенбі




ЕСТЕ САҚТА!

1 апта = 7 күн


жексенбі



сенбі




жұма




Апта

бейсенбі



сәрсенбі

дүйсенбі



сейсенбі



Блиц-турнир


1. Аптада неше күн бар?
2. Сабақ кестесіне қара. Аптаның қай күндерінде денешынықтыру сабағы өтеді?
3. Жұманың алдында аптаның қай күні келеді?
4. Осы сәрсенбіден келесі сәрсенбіге дейін неше күн өтеді?
5. Сейсенбіден неше күннен кейін сенбі болады?

Шығарып көр

Нұргүл дүйсенбі күні вокал үйірмесіне барды.
2 күннен кейін домбыра үйірмесіне барады.
Домбыра үйірмесі аптаның қай күнінде болады?

Отбасылық демалыс

Әкесі, анасы және балалары 2 апта теңіз шипажайында болды. Отбасы теңізде неше күн демалды?



Орындап көр

Саған сүтті күнара сатып алу керек.
Олай болса, дүкенге бару кестесін құр.
Мысалы, сен осы аптада дүкенге баруды
дүйсенбіден бастайсың.
Осы аптаның кестесі келесі аптаның
кестесімен сәйкес келе ме?
Ойланып көр. Неге?

Ертегілер оқу

Жанат ертегілер кітабын тура 1 апта оқыды.
Ол ертегілерді неше күн оқыды?

► Ойлан

Сәрсенбіден бері үш күн өтті.
Аптаның қай күні болды?

Ай

Сен

- айдың ұзақтығын және ай аттарын білетін боласың.

Тірек сөздер

ай
күнтізбе

Ай – ұзақ уақыт аралығы.

Онда 4 апта және бірнеше күн болады.

Айлар бірінен кейін бірі ретімен келеді.



Айға айналған **күнтүзбе** – осы айдағы күндер ретімен жазылған жазба.

Әр айдағы күндер саны әртүрлі болады: 30, 31, 28 немесе 29 күн.

Мысалы, сәуір айында 30 күн бар.



Күнтүзбе бойынша анықта

1. Талғаттың туған күні – 9 сәуір. Бұл аптаның қай күні?
2. Оқушылар сенбі және жексенбі күндері демалады. Сәуір айында оқушылар неше күн демалады?
3. Әмір сейсенбі және бейсенбі күндері қазақша күрес үйірмесінде жаттығады. Ол сәуір айында неше рет жаттығуға қатысады?

Шығарып көр

1. Арман 1 қыркүйек күні Жаңа жылға дейін қанша ай қалғанын санап көрмекші болды. Оған көмектесіп көр.
2. 1 қаңтардан кейін 5 ай өтті. Қазір қай ай?


Орындап көр

Өз сыныптастарыңның туған күндерінің тізімін жаса.
Қай айда туған күн иелері көп?



Сен білесің бе?

Айда қанша күн барын күнтізбесіз де білуге болады.



Ұзындық. Масса. Көлем

Сен

- заттардың ұзындығын, массасын және көлемін есептеп үйренесің.

Тірек сөздер

ұзындық

масса

көлем

Сантиметр, дециметр – ұзындықтың өлшем бірліктері.

Заттардың ұзындықтары қандай?


Қай зат 1 дм-ден ұзын? Қайсысы қысқа?

Өшіргіш қайшыдан неше см-ге қысқа?

Қайшы өшіргіштен неше см-ге ұзын?

Сурет бойынша басқа сұрақтар ойластырып көр.



?



Килограмм – массаның өлшем бірлігі.

Шығарып көр

Қарбыздың массасын анықта. Бір қап картоптың массасын есептеп шығар.



Литр – көлемнің өлшем бірлігі.

Ойлан
Бір шелекке қанша литр су сыятынын тауып көр.

Орындап көр

Аквариумға 20 л су сыяды.
Көлемі 3 л болатын шелек пен көлемі 1 л болатын құмыраның көмегімен аквариумды қалай толтыруға болады? Ыдыстардың моделін жасап, есепті шығарудың бірнеше тәсілін көрсет.

3

Теңдік және теңсіздік. Теңдеу

Теңдік және теңсіздік

Сен

- теңдік пен теңсіздік туралы білетін боласың;
- теңдік пен теңсіздікті жазып үйренесің.

Тірек сөздер

теңдік
теңсіздік



Дарын мен Динадағы шарлар саны бірдей.
Оны былай жазуға болады: $2 = 2$.
Бұл – теңдік.



— теңдік белгісі.



Дарын мен Динадағы шарлар саны бірдей емес.

Оны былай жазуға болады:

$2 \neq 3$ (2 мен 3 тең емес) немесе $2 < 3$; $3 > 2$.

$2 < 3$ және $3 > 2$ – теңсіздіктер.



– теңсіздік белгісі.


Заттардың санын салыстыра отырып теңдік немесе теңсіздік құрастыруға болады.

Қораптағы кәмпиттер санын салыстыр.


Қораптардың арасына қандай белгі қоюға болатынын анықта.

Теңдік пе, әлде теңсіздік пе?

Суреттерге қара.
Қайсысында теңдік, ал қайсысында теңсіздік бейнеленген?



?




?



Шығарып көр



Қораптарға ойыншықтарды олардың саны тең болатындай етіп орналастыр. Нәтижесін теңдік түрінде жаз. Енді қораптарға ойыншықтарды олардың саны тең болмайтындай етіп сал.

Нәтижені теңсіздіктер түрінде жаз. Сен неше нұсқа жаза алдың?



Орындап көр

Теңсіздік құрастыр. Таразыны қалай теңестіруге болады? Теңдік жаз.



Тура және тура емес теңдіктер

Сен

- тура теңдікті тура емес теңдіктен ажырата білетін боласың.

Өрнектерді салыстыру нәтижесін теңдік түрінде жазуға болады.

Тура және тура емес теңдіктер болады.

Мысалы, $5 - 3 = 4 - 2$ – бұл тура теңдік;

$6 + 4 = 2 + 7$ – бұл тура емес теңдік.

Саябақта

Әр топта неше бала бар? Санды өрнектерді салыстыр.

Тура және тура емес теңдіктерді ата.

а)



$$1 + 4 \boxed{?} 3 + 4$$

ә)



$$5 - 2 \boxed{?} 7 - 3$$

б)




$$5 - 3 \boxed{?} 7 - 5$$

Шығарып көр

Балалардың жұмыстарын тексер. Сен неше тура емес теңдікті таптың? Қателерін түзе.



$8 - 4 \neq$	$16 - 10$
$90 - 30 =$	$80 - 20$
$10 + 60 \neq$	$50 - 10$




$10 + 3 \neq$	$17 - 12$
$20 + 40 =$	$70 - 30$
$19 - 11 =$	$18 - 10$

$15 - 3 \neq$	$16 - 4$
$10 + 4 =$	$18 - 4$
$11 + 0 =$	$14 - 0$



Орындап көр

Сары түсті жолдың ұзындығын табу үшін санды өрнек құрастыр. Көк түсті жолдың ұзындығын табу үшін санды өрнек құрастыр. Жолдардың ұзындығын салыстыр. Не шықты: теңдік пе, әлде теңсіздік пе?



Ойлан
 Есептемей-ақ салыстыр.
 Берілген санды өрнектерді қандай тәсілмен салыстыруға болады?

$1 + 2 + 3$ $1 + 2 + 4$
 $10 + 20 + 40$ $10 + 20 + 50$

Белгісізі бар теңдік

Сен

- белгісіз санды көрсететін \square белгісін қолдануды үйренесің.

Тірек сөздер

белгісіз сан


$5 + \square = 8$ – белгісіз саны бар теңдік.

\square – белгісіз сан.


Ғарышкердің таңғы асы

Әрбір «ұшатын кішкентай шар» қай сықпадан шықты?


Өрнекке белгісіздің дұрыс мәнін қой.




а)




ә)



б)











в)




Шығарып көр

Зымырандар ұшу үшін белгісіз сандардың мәндерін тап.












Ойлан

Зымыранның экипажы Жерді 12 рет айналып өтуі керек. Олар ғаламшарды бірнеше рет айналып өтті. Енді оларға әлі 7 рет айналу керек. Ғарышкерлер Жерді неше рет айналып өтті?








Орындап көр

Ғарыштық шаршыны шеш. Әрбір суреттің астында қосындысында көрсетілген сан шығатындай қандай белгісіз сан жасырулы тұрғанын анықта.

			=15
			=12
			=10

=15 =10 =12

	?
	?
	?

?	?	?
		

Бөліктер және бүтін


Сен

- белгісін теңдіктің белгісіз бөлігін көрсету үшін пайдалануды үйренесің.

Тірек сөздер

бөлік
бүтін


Бүтін мен бөліктерден теңдік құрастыруға болады.
Бөліктер бірігіп бір бүтінді құрайды.




Құрылысқа саяхат

Құрылыс материалдарын қарап шық.

Бүтін мен бөліктерді анықта. Теңдік құрастыр.






$5 + \square = 7$ теңдігінің бір бөлігі – белгілі, ал екіншісі – белгісіз.

5 – бұл теңдіктің белгілі бөлігі;

\square – бұл теңдіктің белгісіз бөлігі;

7 – бұл бүтін.



Құрылыста


Құрылысшылар жаңа үйдің 5 қабатын салып бітірді.

Олар әлі бірнеше қабат салады.

Салынып жатқан үй 9 қабатты болуы керек.

Белгісізі бар теңдік құрастыр.

Әлі қанша қабат салыну керек?



Шығарып көр



Құрылысқа бірнеше құты көгілдір сыр және 6 құты сары сыр әкелінді. Барлығы 17 құты сыр әкелінді. Белгісізбен теңдік құрастыр. Белгісіз санды тап.

ЕСТЕ САҚТА!

Теңдіктегі белгісіз бөлікті табу үшін таңдап алу әдісін қолдануға болады.

Орындап көр

Сәулетші құрылыстың сызбасын жіберді. Құрылысшыға сызбадағы белгісіз сандардың мәнін анықтауға көмектес.



Әріпті өрнек

Сен

- әріпті өрнек пен санды өрнектің айырмашылығын білетін боласың;
- оларды оқып, жаза алатын боласың;
- әріпті өрнекті құрастыруды үйренесің.


Тірек сөздер

әріпті өрнек

Әріпті өрнектерде әріптер, сандар және амалдардың таңбалары қолданылады. Мысалы, $7 + x$; $10 - y$.

Қай жолмен жүрген дұрыс?

Өрнектерді санды және әріпті өрнектерге ажырат.



Әріпті өрнектерді оқы.

$$a + 3; \quad 50 + b; \quad c - a;$$

$$d + c; \quad 16 - x; \quad 70 - d.$$

ЕСТЕ САҚТА!

Математикалық өрнектер санды және әріпті өрнек болып бөлінеді.

Шығарып көр

х әрпін қолданып, санды өрнекті әріпті өрнекке айналдыр.

а) $5 + 3 \rightarrow 5 + x, x + 5, x + 3, 3 + x.$

ә) $8 + 2 \rightarrow ?$

б) $12 - 11 \rightarrow ?$

в) $100 - 20 \rightarrow ?$

Орындап көр

у әрпін қолданып, әріпті өрнек құрастыр. у әрпінің орнына басқа әріптерді қоюға бола ма? Неге?

Ойлан

Автобуста 15 жолаушы болды. Аялдамадан бірнеше адам түсіп қалды. Автобуста неше жолаушы қалды? Жауапты әріпті өрнек түрінде жаз. Аялдамадан түсіп қалған жолаушыларды х әрпімен белгіле.



Әріпті өрнектегі әріптің мәні

Сен

- әріпті өрнектің сандық мәнін тауып үйренесің.

Әріпті өрнектегі әріптің орнына сан қойып, өрнектің сандық мәнін есептеуге болады. Әріп әртүрлі сандармен өрнектелуі мүмкін.


Есепте.

$$\begin{array}{l} 3 + y \\ 3 + 5 \\ 3 + 5 = 8 \end{array}$$

$$\begin{array}{ccc} \boxed{2} & \rightarrow & \boxed{4 + 2} \\ \uparrow & & \\ 4 + \boxed{a} & \rightarrow & \boxed{4 + a} \\ \downarrow & & \\ \boxed{5} & \rightarrow & \boxed{4 + 5} \end{array}$$



$$\begin{array}{ccc} \boxed{6} & \rightarrow & \boxed{9 - 6} \\ \uparrow & & \\ 9 - \boxed{b} & \rightarrow & \boxed{9 - b} \\ \downarrow & & \\ \boxed{1} & \rightarrow & \boxed{9 - 1} \end{array}$$

Әр үйде қанша қонақ бар?



Шығарып көр

Барлық теңдіктердегі x-тің орнына қандай санды қоюға болатынын анықта. Сонда сен шелекті суға толтыра аласың.




Орындап көр

Әріпті өрнектегі a әрпінің орнына кез келген санды қой. Не шықты? Сен қалай ойлайсың? Неліктен?

ЕСТЕ САҚТА!

Кез келген санға 0-ді қосқанда,
сол санның өзі шығады: $a + 0 = a$.

Кез келген саннан 0-ді азайтқанда,
сол санның өзі шығады: $a - 0 = a$.

**Ойлан**

Әріпті өрнектегі x -тің орнына қандай сандарды қоюға болады?

- а) $9 + x$ ә) $9 - x$

Санды өрнектерді салыстыру

Сен

- санды өрнектерді салыстыруды үйренесің.

Тірек сөздер

өрнектің мәні

Санды өрнектерді салыстыру үшін олардың мәндерін тауып, сол **мәндерді** салыстыру керек.

Мысалы,

$$\begin{array}{r} 2 + 5 \\ \hline 7 \end{array} \quad ? \quad \begin{array}{r} 6 + 4 \\ \hline 10 \end{array}$$

$$2 + 5 < 6 + 4$$


Хайуанаттар дүкенінде

Санды өрнектер құрастыр және оларды салыстыр.


1.



?



2.







Шығарып көр





Санды өрнектердің мәндерін салыстыр.
Қандай санды өрнектердің мәні бірдей? Оларды ата.





- | | | | | | |
|------------|----------|------------|----------|-------------|-----------|
| $18 + 1 ?$ | $13 + 7$ | $7 + 10 ?$ | $10 + 2$ | $50 + 40 ?$ | $40 + 50$ |
| $5 + 3 ?$ | $4 + 4$ | $16 + 2 ?$ | $14 + 5$ | $30 + 60 ?$ | $70 + 10$ |
| $2 + 0 ?$ | $0 + 5$ | $18 + 1 ?$ | $0 + 19$ | $20 + 80 ?$ | $90 + 10$ |





Орындап көр







Шифрларға қара. Бірдей шифрлардағы фигуралар бірдей санды білдіреді. Фигураларды сандармен ауыстыр. Санды өрнектер құрастыр және оларды салыстыр.

	=	<input type="text" value="2"/>
	=	<input type="text" value="3"/>
	=	<input type="text" value="5"/>
	=	<input type="text" value="4"/>

а)  +  ?  + 

ә)  +  ?  + 

б)  +  ?  + 

в)  +  +  ?  +  + 

Ойлан

Робис пен Бота сауда жасады. Қайсысының заты ауыр? Санды өрнектер құрастыр және оларды салыстыр.


	
8 кг	7 кг 6 кг 5 кг

Әріпті өрнектерді салыстыру

Сен

- әріпті өрнектерді салыстыруды үйренесің.

Бірдей әріппен қосуға берілген әріпті өрнектерді белгілі қосылғышы бойынша салыстыруға болады. $x + 7$ өрнегі $x + 8$ өрнегіне қарағанда кем, өйткені $7 < 8$.



$x + 7$




$x + 8$

Салыстыр.


Егер 1 кәмпитті бір қалтадан екіншісіне ауыстырса, қандай жаңа өрнектер алуға болады? Сол өрнектерді салыстыр.

Әріпті өрнектер құрастыр және оларды салыстыр.



а)



ө)



б)



Бірдей әріптермен қосуға берілген екі әріпті өрнектің қайсысының сандық компонент құрамы үлкен болса, сол артық болады.

Орындап көр

$a = 0, 1, 2, 3$ деп алып,
өрнектерді салыстыр.

Қорытынды жаса.

$3 - a$ және $4 - a$

Шығарып көр

Әріпті өрнектерді салыстыр.

$$6 + b \quad \boxed{?} \quad 8 + b$$

$$x + 6 \quad \boxed{?} \quad 15 + x$$

$$100 + b \quad \boxed{?} \quad b + 90$$

Теңдеу

Сен

- теңдеу туралы білетін боласың.


Тірек сөздер

теңдеу

Белгісізі бар теңдікті теңдеу деп атайды. Теңдеудегі белгісізді әріппен белгілейді. Мысалы, $3 + x = 7$.


Сурет бойынша белгісіз бөліктің мәнін тап.

а)



$$3 + x = 9$$

ә)





$$10 + y = 50$$

Теңдеуді шешу дегеніміз – осы теңдіктегі белгісіздің мәнін табу.

Белгісіз бөлікті табу үшін белгілі бөлікті бүтінге дейін толықтырып, қанша қосқаныңды санау керек.

Сурет бойынша теңдеу құрастыр және оны шеш.



Шығарып көр


x-тің орнында қандай фигуралар тұруы тиіс?



$$x = \boxed{?}$$

Орындап көр

Қажетті заттар:




Жұбыңызмен ойна.

1. Бірінші ойыншы текшені лақтырады.
2. Ол текшеде түскен санды теңдіктегі бос торкөздің орнына қояды: $\square + x = 10$.
3. Екінші ойыншы алынған теңдеуді шешеді.
4. Егер теңдеу дұрыс шешілсе, ойыншылар рөлдерімен алмасады.

$$1 + x = 10$$

$$x = ?$$



Белгісіз қосылғышы бар теңдеуді шешу

Сен

- белгісіз қосылғышы бар теңдеуді шешуді үйренесің.

$$6 + x = 8$$


$$x = 8 - 6$$

$$x = 2$$

$$6 + 2 = 8$$

$$8 = 8$$

Белгісіз қосылғышты табу үшін қосындыдан белгілі қосылғышты азайту керек.



$$6 + \boxed{x} = 8$$

ҚОСЫЛҒЫШ

ҚОСЫЛҒЫШ

ҚОСЫНДЫ

Теңдеудегі белгісіз қосылғышты тап.

$$9 + x = 19$$

$$y + 8 = 20$$

$$a + 20 = 100$$

$$b + 50 = 90$$

Туннельде неше вагон бар?



Сурет бойынша қосуға теңдік құрастыр.
Белгісіз қосылғышты тап.



Шығарып көр

Б фигурасын алу үшін А фигурасына қанша текше қосу керек?

Белгісіз қосылғышы бар теңдеу құрастыр және оны шеш.
x әрпімен қосылған текшелер санын белгіле.



Орындап көр

Жұбыңмен ойна.


1. Бірінші ойыншы қорапқа кішкентай шарларды салады және оны екінші ойыншыға береді.
2. Екінші ойыншы қораптағы кішкентай шарларды санайды.
3. Бірінші ойыншы тағы да бірнеше шарды қорапқа салады.
4. Екінші ойыншы қорапта енді қанша шар болғанын санайды.
Ол: «Қанша шар салынды?» деген сұраққа жауап беруі тиіс.
5. Жауабын тексеру үшін бірінші ойыншы қорапқа қанша шар салса, екінші ойыншы сонша шар алуы керек. Ал бірінші ойыншы қорапта бастапқыда қанша шар болса, сонша шар қалғанына көз жеткізуі керек.
6. Егер жауап дұрыс болса, онда ойыншылар рөлдерімен алмасады.



Белгісіз азайтқышы бар теңдеу

Сен


- теңдеудегі белгісіз азайтқышты табуды үйренесің.




Азайту амалына берілген теңдіктің белгісіз бөлігін табу үшін бүтіннен белгілі бөлікті азайту керек немесе белгілі бөлікті бүтінге дейін толықтыру қажет.

Шоколад

Айсұлудың қалса,





бар. Егер осынша



Айсұлу қанша шоколад жеді?



Қанша фигураны алып тастады?

Сонда x неге тең?



Шығарып көр

Ә фигурасын алу үшін А фигурасынан қанша текшені алып тастау керек? Белгісіз бөлік нешеге тең?



Орындап көр

Жұбыңмен ойна.

1. Бірінші ойыншы бірнеше шары бар қорапты екінші ойыншыға береді.
2. Екінші ойыншы қораптағы шарлардың санын санайды.
3. Бірінші ойыншы қораптан бірнеше шарды алады да, көрсетпей жұдырығында ұстап тұрады.
4. Екінші ойыншы қораптағы қалған шарларды санайды. Содан кейін «Бірінші ойыншының қолында неше шар жасырулы?» деген сұраққа жауап беруі керек.
5. Бірінші ойыншы алақанын ашып, қолындағы шарларды көрсетеді. Ал екінші ойыншы жауабының дұрыстығын тексереді.
6. Егер жауабы дұрыс болса, олар рөлдерімен алмасады. Ойынды 4 рет ойнаңдар.

Менің қолымда неше шар бар?



Белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шешу

Сен

- белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шешуді үйренесің.

$$8 - x = 6$$


$$x = 8 - 6$$

$$x = 2$$

$$8 - 2 = 6$$

$$6 = 6$$

Белгісіз азайтқышты табу үшін азайғыштан айырманы азайту керек.



$$8 - \boxed{x} = 6$$

азайғыш

азайтқыш

айырма



Сандық сәуленің көмегімен теңдеулерді шеш.

$$9 - a = 4$$

$$13 - b = 10$$

$$20 - c = 12$$

$$9 - d = 8$$



Шығарып көр

Азайту амалына теңдеу құрастыр. Оны шеш.
Ілияста 7 кәмпит болған. Ол бірнеше кәмпит жеді.
Онда 5 кәмпит қалды. Ілияс неше кәмпит жеді?





Бөшкеде қанша су қалды?

Бөшкеде 40 литр су бар еді.
 Гүлдерді суарғаннан кейін
 бөшкеде 10 литр су қалды.
 Гүлдерді суаруға қанша су кетті?
 Теңдеу құрастыр және оны шеш.

Орындап көр

«Сандық калейдоскоп» дайында. Дөңгелектің ортасына қарындаш пен қағазқыстырғышты қой. Қағазқыстырғыш еркін айналып, дөңгелектегі әртүрлі сандарды көрсетуі тиіс. Азайтқышы белгісіз болатын 3 теңдеу құрастыр. Оларды сандық сәулеленің көмегімен шеш.



$$- \boxed{X} = 3$$

ЕСТЕ САҚТА!



Белгісіз азайтқыш – бұл бүтіннің белгісіз бөлігі.

Белгісіз азайғышы бар теңдеу

Сен


- теңдеудегі белгісіз азайғышты табуды үйренесің.

Бүтінде қанша болғанын білу үшін барлық бөліктерді қосу керек.




Теңдеу құрастыр және оны шеш.

Олжас бір сан ойлады. Одан 7-ні азайтқанда, 11 қалды. Олжас қандай сан ойлады?




Шығарып көр

Себеттен 4 алма алынды. Онда 6 алма қалды. Себетте алғашында қанша алма болды?




Сандық сәуленің көмегімен теңдеуді шеш.

$$x - 1 = 4$$



$$x = 5$$





$$y - 3 = 6$$

$$a - 2 = 8$$

$$b - 4 = 4$$

Орындап көр

«Сандық калейдоскоп» дайында. Суретте көрсетілгендей дөңгелектің ортасына қарындаш пен қағазқыстырғышты қой. Қағазқыстырғыш еркін айналып дөңгелектегі әртүрлі сандарды көрсетуі тиіс. Азайғышы белгісіз болатын 3 теңдеу құрастыр. Оларды сандық сәуленің көмегімен шеш.



Белгісіз азайғышы бар теңдеуді шешу

Бен

- белгісіз азайғышы бар теңдеуді шешуді үйренесің.

Анасы неше бауырсақ пісірді?



Белгісіз азайғышты табу үшін азайтқышқа айырманы қосу керек.


$$x - 8 = 2$$

$$x = 8 + 2$$

$$x = 10$$

$$10 - 8 = 2$$

$$2 = 2$$



x

x

$$- 8 = 2$$

азайғыш

азайтқыш

айырма


Сандық сәуленің көмегімен теңдеуді шеш.

$c - 8 = 11$

$d - 9 = 0$


$f - 14 = 4$

$k - 13 = 7$




Шығарып көр

Қорапта қанша кәмпит болды?
Теңдеу құрастыр және оны шеш.



Орындап көр

Топпен лото ойынын ойна. Теңдеулері бар ойын алаңын және жауаптары бар парақшаларды қолдан. Ойында барлық теңдеулердің жауаптарын тез тапқан ойыншы жеңеді.



ЕСТЕ САҚТА!

Белгісіз азайғыш – бұл бүтін.
Бөліктерді қосып, бүтінді табады.


Теңдеуді шешу


Сен

- теңдеуді шешу тәсілін таңдауды үйренесің.


Сандықта неше інжу бар?

Теңдеу құрастыр және оны шеш.


$$4 + X = 10$$


$$X - 4 = 10$$

Әріптердің мәнін тап.



Шығарып көр

Сандық сәуленің көмегімен теңдеудегі белгісізді тап.

$$x + 7 = 18$$

$$8 + y = 18$$

$$a - 9 = 11$$

$$b - 4 = 12$$



0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20

Орындап көр

Жұбыңмен лото ойынын ойна.
Теңдеулері жазылған, бірақ жауаптары көрсетілмеген парақшалары бар ойын алаңын қолдан. Ойыншылар кезекпен текшені лақтырады. Текшенің жоғары қарап түскен жағындағы сан – берілген теңдеулердің біреуінің жауабы. Ойыншы шыққан санды парақшаға жазып, сонымен жауабы дәл келетін теңдеуді жабады. Барлық теңдеулерді дұрыс жауабы жазылған парақшамен тез жапқан ойыншы жеңіске жетеді.



Есеп дегеніміз не?

Сен

- есеп дегеніміздің не екенін білетін боласың;
- есепке тірек – сызба таңдауды үйренесің.

Тірек сөздер

есеп
шарты сұрағы
шешуі
жауабы

Есеп

7 ересек адам мен 12 бала қысқы саяхатқа шықты.
Барлығы неше адам саяхатқа шықты?



Әр есеп 2 бөліктен тұрады:

1 ШАРТЫ: 7 ересек адам мен 12 бала қысқы саяхатқа шықты.

2 СҰРАҒЫ: Барлығы неше адам саяхатқа шықты?

Шешуі:



Жауабы: **19 адам.**

Шығарып көр

Есепті оқы. Мәтіннен есептің шарты мен сұрағын тап. Саяхатшылар көлікке 14 шабадан және 3 жолдорбаны тиеді. Саяхатшылар жолға барлығы қанша жүк алды? Есепті шығар. Жауабын жаз.



Орындап көр

Сурет бойынша есеп құрастыр және оны шығар.

Есептің 2 бөлігі болатынын есінде сақта.

- 1 ШАРТЫ**
- 2 СҰРАҒЫ**



Есептің графикалық моделі

Сен

- есептің графикалық моделімен танысасың.


Тірек сөздер

сызба


Есептің шартын сызба түрінде көрсету ыңғайлы.

Құстар


Бұтақта 6 құс отырды. Оларға тағы 2 құс келіп қонды. Бұтақта барлығы неше құс болды?




Бұтақта 16 құс отырды. Оларға тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Бұтақта барлығы қанша құс болды?



Бұтақта 12 торғай отырды. Оларға тағы да 5 торғай ұшып келіп қонды. Бұтақта барлығы қанша құс болды?



Сызба бойынша есеп құрастыр.



Шығарып көр


Ол ыдысқа барлығы қанша жеміс салды?



?



Орындап көр



?



Қосу амалына берілген есептер

Сен

- есепті қосу амалымен шығаруды үйренесің;
- есепті шығару үшін сызбаны таңдай алатын боласың.



Есепті тап.

Мәтіндерді оқы. Олардың қайсысы есеп болып табылады? Неге?

А. Марат қысқы демалыс күнін орманда өткізді. Ол демалыстан 14 табиғат көрінісінің фотосуреті мен 5 орман жануарының фотосуретін әкелді. Марат демалыстан көңілді оралды.

Ә. Марат қысқы демалыс күнін орманда өткізді. Ол демалыстан 14 табиғат көрінісінің фотосуреті мен 5 орман жануарының фотосуретін әкелді. Марат демалыс күні қанша фотосурет түсірді? Есепті шығар. Белгісіз бүтін санды қалай таптың?

Белгісіз бүтінді табу үшін оның бөліктерін қосу керек.




? бүтін

бөлік + бөлік – бүтін

Шығарып көр

Нұргүл мен Самат қолдан бұйым жасау үшін қарағай бүршіктерін терді. Нұргүл 10 бүршік, ал Самат 8 бүршік терді. Балалар барлығы қанша бүршік жинады?





Орындап көр

Әлия тиіннің жемсалғышына алдымен 7 жаңғақ, артынан тағы да 10 жаңғақ салды. Әлияда қанша жаңғақ қалды?

Бұл есептің сұрағына жауап бере аласың ба? Неге?

Есепті шығаруға болатындай етіп сұрақты өзгерт.



Азайту амалына берілген есептер

Сен

- азайту амалына берілген есептерді шығаруды үйренесің;
- есепті шығару үшін сызбаны таңдап үйренесің.

Қысқы бақтағы құстар

Суретке қара. Суретте қандай құстар бейнеленген?

А. Есепті шығар.


Жемсалғышта 7 суықторғай отырды.

Біраздан кейін 2 суықторғай ұшып кетті.




Жемсалғышта неше суықторғай қалды?
Сен есепті шығару үшін қандай амалды таңдайсың?
Неге? Белгісіз бөлікті қалай табасың?

Ә. Сурет бойынша азайту амалына өз бетіңше есептер құрастыр. Белгісіз бөлікті табу үшін, бүтіннен белгілі бөлікті азайту керек.



Шығарып көр

Гауһар 20 күн бойы құстарды бақылады.
 Құстардың 5 күн жемсалғышқа келмегенін байқады.
 Ал қалған күндері олар жиі келіп жүрді.
 Құстар неше күн жемсалғышқа келді?
 Есептің шешуі мен жауабын жаз.



Орындап көр

Мәні бірдей санды өрнектерді тап. Өрнектердің біреуі бойынша есептің мәтінін құрастыр. Өз есебіңді шығар.

Кері есеп

Сен



- кері есеппен танысасың;
- кері есепті шығарып үйренесің.

Тірек сөздер

кері есеп

Есептерді салыстыр.

А. Дамир 7 қызғалдақ және 10 сарғалдақ гүлдерінің пиязшықтарын сатып алды. Дамир неше гүл отырғызады?



Ә. Дамир 17 қызғалдақ гүлін отырғызбақшы болды. Ол 7 қызғалдақтың және бірнеше сарғалдақтың пиязшықтар сатып алды. Дамир неше сарғалдақ пиязшықтар сатып алды?




Б. Кез келген есепке кері есеп құрастыруға болады. Егер біреуіндегі белгілі сан екіншісінде белгісіз санға, ал екіншісіндегі белгісіз сан белгілі санға айналатын болса, берілген есепке кері есеп құрастыруға болады.




Есептердің ұқсастығы мен айырмашылығын анықта. А және Ә әрпімен белгіленген есептерді қалай атауға болады?

Шығарып көр


а)



ә)



б)




Сыныптағы 12 бала би үйірмесіне, ал 7 бала музыка үйірмесіне барады. Барлығы неше бала үйірмеге қатысады? Есептің шешуін тексеру үшін оған кері есеп құрып шығар. Екі кері есеп құрастыруға бола ма? Неге?

Есептерді шығар.



Орындап көр

Тізімнен берілген сызбаға сәйкес есеп құрастыруға пайдаланылатын сөздерді таңдап ал. Есеп құрастыр және оны шығар. Өз есебіңе екі кері есеп құрастыр. Ол үшін суреттегі қай сөздерді қолдандың? Кері есептерді шығар.



Ойлан
Екінші есеп біріншіге кері есеп бола ма?

Жанардың қалтасында 15 монета болды. Ол қалтасына тағы 4 монета салды. Жанардың қалтасында енді қанша монета болды?

Жанардың қалтасында 15 монета болды. Ол сауда жасағаннан кейін 4 монета қалды. Жанар қанша монета жұмсады?

Кері есепті құрастыру және шығару

Сен

- кері есепті құрауды және оны шығаруды үйренесің.


Есептерді салыстыр.

Есептердің шарттарын оқы. Сен бұл есептерді қалай атайсың? Неге? Есептердің сызбасын құрып және оларды шығар.



Сен бірінші есепті қандай амалмен шығардың? Оған кері есептерді ше? Не байқадың?

Сызба бойынша есеп құрастыр. Берілген есепке неше кері есеп құрастыруға болады? Кері есептер құрастырып шығар.



Шығарып көр

Есепті оқы. Есептің сызбасын құрастыр және оны шығар.

Берілген есепке неше кері есеп құрастыруға болады?

Берілген есеп қандай амалмен шығарылады? Неге?





Оған кері есептер құрастырып шығар.



Ойлан

Есепті оқып шық және оны шығар. Берілген есепке кері есептер құрастыр. Оларды шығаруға арналған сызбаларды таңда.

5 бала мысық асырайды. Ал 14 бала ит асырайды. Қанша балада үй жануары бар?



Азайту амалымен берілген есепке кері есеп қосу амалымен шығарылады.

Оқулық
МАТЕМАТИКА
1-сынып. 3-бөлім

Көру қабілеті бұзылған (нашар көретін)
балаларға арналған арнайы жалпы білім
беретін мектептердің (сыныптардың)
1-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің
тапсырысы бойынша

Бейімдеген Жумабекова Э. Ж.
Редакторы Г. Н. Базарбаева
Корректоры Ж. А. Исабекова
Дизайны «Білім беру ресурстар орталығы»
ЖМ-де жасалып, беттелді.

ЖШС «ӘБЕО» орталығы
Алматы қ., Байзақов көшесі, 273В

Басуға 11.06.2018 қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/8}.
Есептік баспа табағы 14,75. Шартты баспа табағы 14,75.
Офсеттік қағаз